

Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округіндегі Воробьев ауылында "Айда́ла" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында шектеу іс-шараларын алып тастау туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 2 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабының 8-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасын 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабына 8-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қостанай облыстық аумақтық инспекциясының Алтынсарин аудандық аумақтық инспекциясының басшысының міндетін атқарушы 2016 жылғы 18 шілдедегі № 62 ұсынысы негізінде, Димитров ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алтынсарин ауданының Димитров ауылдық округіндегі Воробьев ауылында " Айдала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында бруцеллезден сауықтыру бойынша ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. "Алтынсарин ауданы Димитров ауылдық округіндегі Воробьев ауылында " Айдала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Димитров ауылдық округ әкімінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 1 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылы 5 шілде № 6528 тіркелген, аудандық "Таза Бұлақ-Чистый родник" газетінде 2016 жылы 15 шілде № 32 жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ауылдық округінің әкімі

Б. Есетев